

# **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

**Мамандығы: Құқықтану**

**Шифр: 6В04205**

**Пән: Мемлекет және құқық тарихы**

## **Практикалық (семинар) сабақтарын орындау бойынша әдістемелік нұсқау**

Мемлекет пен құқық тарихы пәні – фактілік материалды нақты игерудің жүйелілігін талап етеді, өйткені барлық тақырыптар себеп-салдарлық диалектикалық байланыста және танымның әрі қарайғы процесі үшін негіз болып табылады.

Студенттерді тарихи-құқықтық ғылыммен таныстырудың маңызды нысаны, әрине, дәріс сабақтары және практикалық (семинар) сабақтары болып табылады. Олар материалды ұсынудың дәйектілігі мен тұтастығымен және дәрістердің дүниетанымдық бағытымен сипатталады.

Заңгер студенттердің оқу жоспары практикалық сабақтарға (семинарларға) көбірек сағат бөледі, бұл студенттердің жақсы ұйымдастырылған және адал жеке жұмысы.

Оқу процесін ұйымдастырудың модульдік-рейтингтік жүйесі жағдайында білім алушылардың өзіндік жұмысы ерекше маңызға ие болады.

Курстың негізгі әдіснамалық негізі – мемлекет пен құқықтың даму үдерісіндегі тарихи сабақтастықты сақтау болып табылады. Осыған байланысты негізгі назар дереккөздерді сараптау жұмысына, оларды салыстырмалы талдауға аударылады. Қоғамның, мемлекеттің және жекелеген мемлекеттік-құқықтық институттардың даму кезеңдерінің себеп-салдарлық өзгерістерін анықтай отырып, студенттер:

- алынған білімді өткенді бағалау үшін ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы – әлеуметтік-саяси оқиғаларды, Қазақстанның заңнамасын жақсы түсіну үшін қолдана отырып, Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық өмірінің маңызды процестерін дұрыс талдауы қажет;

- тарихи-құқықтық мәселелерге бағдарлану, ғылыми көзқарастарды бағалауы тиіс.

Практикалық (семинарлық) сабақтарда белсенді жұмыс істей отырып, студент тиіс:

- қазіргі оқиғалар мен тенденцияларды талдау және бағалау кезінде олардың тарихи бастауларын анықтауда тарихи-құқықтық білімді пайдалануға;

- курстың негізгі ережелерін оның жүйелілігі мен алуан түрлілігін, мемлекеттік-құқықтық даму ерекшеліктерін көрсетуге;

- ғылыми-публицистикалық әдебиеттің әр түрлі ағымынан қажетті ақпаратты таба отырып, тарихи-құқықтық дереккөздерден өз бетінше білім ала білу;

- баяндамалардың, хабарламалардың, рефераттардың тезистерін құрастыру; пікірталасқа қатыса білу, өз ойын логикалық және дәлелді түрде жеткізе білу.

Бұл пәнді игеру үшін студенттерден дәрістерге міндетті түрде қатысуды, семинарларға (практикалық) дайындық, үй тапсырмаларын орындау барысында белсенді өзіндік жұмысын талап етеді.

Практикалық (семинар) сабақ – оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі. Оқытушылар мен студенттердің оқу іс-әрекеті практикалық сабаққа баса назар аударады. Сондықтан белгілі бір оқу пәні бойынша студенттерді оқытудың сапасы практикалық сабақтың деңгейімен, оның мазмұны мен әдістемелік толықтығымен, атмосферасымен анықталады. Оқыту әдістемесін таңдау студенттердің теориялық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының мақсаттарымен анықталады.

Семинар сабақтарының мақсаты – студенттердің танымдық қабілеттерін, ойлау дербестігін және шығармашылық белсенділігін дамыту.

Семинар сабақтарының міндеттері:

- оқу пәні бойынша білімдерін бекіту және кеңейту;
- студенттерді пән тұжырымдамалары мен теориялық ережелерін талдаудың практикалық әдістері мен тәсілдеріне оқыту;
- теориялық материалдарды нақты практикалық мәселелерді шешуде қолдану дағдылары мен қабілеттерін игеру;
- оқу пәні тақырыптарын оқу кезінде қолданылатын әдеби дереккөздерді зерттеу және талдау.

Семинар сабақтарын өткізу нысандары:

- оқу пәнінің маңызды тақырыптары бойынша студенттердің хабарламалары мен баяндамаларын талқылау;
- сабақ жоспарына сәйкес оқу пәнінің нақты мәселелерін талқылау;
- студенттер ұсынған бастамашылық міндеттер мен мәселелерді талқылау;
- оқу пәнінің теориялық ережелері мен тұжырымдамаларын талдау.